

"Азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы шартты және Азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы 1996 жылғы 17 қыркүйектегі шартқа хаттаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 тамыздағы N 812 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы шартты және Азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы 1996 жылғы 17 қыркүйектегі шартқа хаттаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарууына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министриң*

*міндетін атқарушы  
Жоба*

**Қазақстан Республикасының Заңы Азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы шартты және Азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы 1996 жылғы 17 қыркүйектегі шартқа хаттаманы бекіту туралы**

1996 жылғы 17 қыркүйекте Тбилисиде жасалған Азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы шарт және 2005 жылғы 31 наурызда Астанада жасалған Азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы 1996 жылғы 17 қыркүйектегі шартқа хаттама бекітілсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

**Азаматтық және қылмыстық істер бойынша  
өзара құқықтық көмек туралы  
Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы  
ШАРТ**

Тәуелсіздік пен өзара сыйластық негізінде құқықтық қатынастар жағынан ынтымақтастықты жүзеге асыру мақсаттарында, бұдан әрі "Уағдаласуши Тараптар" деп аталатын, Қазақстан Республикасы мен Грузия азаматтық және қылмыстық істер бойынша бір-біріне құқықтық көмек көрсетіп отыруды ұйғарады және осы мақсаттармен төмендегілер жөнінде келісті:

**I - ТАРАУ  
ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

**1-бап  
Құқықтық қорғау**

1. Уағдаласуши бір Тараптың азаматтары Уағдаласуши екінші Тараптың аумағында өздерінің жеке басы мен мұліктік құқықтарын Уағдаласуши басқа Тараптың азаматтары пайдаланатын сияқты құқықтық түрде қорғаумен пайдаланады. Олар сottарға, әділет органдарына, прокуратураларға және құзыретіне азаматтық пен қылмыстық істер жататын басқа да мекемелерге кіруге құқықты және Уағдаласуши басқа Тараптың азаматтары сияқты жағдайларда тілек білдіруге және басқа іс жүргізу әрекеттерін жасайды алады.

2. 1-тармақтың ережелері заңды тұлғаларға да, және соларға теңестірілген, Уағдаласуши Тараптың әрқайсысының аумағында олардың ұлттық заңдарына сәйкес құрылған мекемелерге де қолданылады.

3. Осы Шартта қолданылып отырған "азаматтық істер" деген терминге некелік-отбасылық, еңбек, мұрагерлік, шаруашылық істер енеді.

**2-бап  
Құқықтық көмек**

Уағдаласуши Тараптардың осы Шарттың 1-бабының бірінші тармағында көрсетілген органдары мен мекемелері өз елінің заңдары белгілеген өз құзыретіне сәйкес азаматтық және қылмыстық істер бойынша бір-біріне құқықтық көмек көрсетеді

### **3-бап**

#### **Құқықтық көмектің көлемі**

Уағдаласуши Тараптар өз заңдарының талаптарын сақтай отырып, бір-біріне мынадай жолдармен құқықтық көмек көрсетеді:

- іс жүргізу әрекеттерін орындау;
- құжаттарды жіберіп отыру және тапсыру;
- айғақтық заттарды беріп жіберу;
- істің материалдарын жіберу;
- сот шешімдерін мойындау және орындау;
- талап қоюды қамтамасыз ету;

- сұратып отырған Уағдаласуши Тараптарға сотталмағандығы туралы мәлімет беру;

- адамды іздеу;
- оперативті-іздеу шараларын жүргізу;
- қылмыстық жауапқа тарту үшін немесе үкімді орындау үшін, қылмыс жасаған адамдарды ұстап беру.

### **4-бап**

#### **Құқықтық көмек көрсету кезіндегі байланысу тәртібі**

1. Азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы өтініш жасаған кезде Уағдаласуши Тараптардың соттары және басқа құзыретті мекемелері, егер осы Шартта басқа белгіленбеген болса, бір-бірімен өздерінің орталық мекемелері арқылы байланысады.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған орталық мекемелерге мыналар жатады:

Қазақстан Республикасы жағынан - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Қазақстан Республикасының Бас Прокуратуrases;

Грузия жағынан - Грузия Әділет министрлігі мен Грузияның Прокуратуrases;

### **5-бап**

#### **Тілі**

1. Уағдаласуши Тараптардың мекемелері осы Шартта қозғалған барлық мәселелер бойынша өзара байланысқанда екі Уағдаласуши Тараптардың мемлекеттік тілдерін пайдаланады.

2. Жұмыс тілі ретінде орыс тілінің пайдаланылуы мүмкін.

## **6-бап**

### **Құжаттарды рәсімдеу**

1. Уағдаласуши Тараптардың құзыретті органдары мемлекеттік, орыс тіліне аударылған және құзыретті адамның қолы қойылған және мөрмен куәландырылған б о л у ы к е р е к .

2. Уағдаласуши тараптар өзара келісім бойынша құқықтық көмек көрсету туралы өтініш жасаған кезде пайдаланылатын формулярлар үлгісін белгілей алады.

## **7-бап**

### **Құқықтық көмек көрсету жөніндегі өтініштің (тапсырманың) түрі**

Құқықтық көмек көрсету жөніндегі өтініш (тапсырма) жазбаша түрде дайындалуы тиіс және тапсырманың мазмұнына қарай мынадай реквизиттер болу керек:

а) сауал қоюшы мекеменің аты;

б) сауал қойылған мекеменің аты;

в) құқықтық көмек сұралған істің аты мен өтініштің (тапсырманың) мазмұны;

г) іске қатысы бар адамдардың аты мен фамилиясы, олардың азаматтығы, жынысы, жұмысы, тұрган жері мен келген жері, туган жылы мен айы; занды тұлғаның аты мен тұрған ж е р i ;

д) осы баптың "т" тармағында аталған адамдар өкілдерінің аты, фамилиясы мен мекен - жағы;

е) тапсырылатын құжаттың аты;

ж) анықтауға жататын жағдайларды, сондай-ақ талап етілетін құжаттардың тізімі мен басқа да айғақтарды баяндау; қылмыстық істер бойынша жасалған қылмыстың нақты жағдайларының баяндамасы, оның зандық жазалану жолдары, мүмкіндігінше адамның сыртқы бет-әлпетін, оның суретін, саусақтарының іздерін (таңбаларын) суреттеп жазу.

## **8-бап**

### **Тапсырманы орындау**

1. Егер тапсырманы орындау сауал қойылған Уағдаласуши Тараптың ұлттық зандарына сәйкес осы Тарап соттарының және басқа құзыретті мекемелерінің құзырына жатпайтын болса, тапсырманы орындаудан бас тартудың себептері көрсетіліп, кейін қайтарылады.

2. Егер Уағдаласуши Тараптың сауал қойылған мекемесі тапсырманы орындауға құқылы болмаса, онда ол аталған тапсырманы орындауға сауал қойылған Уағдаласуши Тараптың құзыретті органдарына жіберуге және бұл туралы сауал қоюшы

**Уағдаласуши Тараптың мекемесіне хабарлауға міндетті.**

3. Егер Уағдаласуши Тараптың сауал қойылған мекемесі тапсырмада көрсетілген мекен-жайдың дәл көрсетілмеуіне байланысты тапсырманы орындау мүмкіндігі жоқ болса, ол мекен-жайды анықтау үшін тиісті шаралар қолдануға немесе Уағдаласуши Тараптың сауал қоюшы мекемесінен қосымша мәлімет беруін талап етуге міндетті.

4. Егер мекен-жайды анықтау немесе тапсырманы орындау басқа себептер бойынша мүмкін болмаса, Уағдаласуши Тараптың сауал қойылған мекемесі Шарт Уағдаласуши Тараптың сауал қоюшы мекемесіне ол жайлы хабарлауға және тапсырманы орындауға кедергі болған себептерді баяндауға, сондай-ақ Уағдаласуши Тараптың сауал қоюшы мекемесі жіберген барлық құжаттарды қайтаруға міндетті.

## **9-бап**

### **Орындалудың нәтижелері туралы хабарлау**

1. Сауал қойылған мекеме осы Шарттың 4-бабында көзделген тәртіпте сауал қоюшы мекемеге тапсырманың орындалуы нәтижелері туралы жазбаша түрде хабарлауға, сондай-ақ тапсырманың орындалу уақыты мен орны көрсетілген, орындалғанын растайтын құжат жіберуге міндетті.

2. Құжаттарды тапсыру туралы тапсырманың орындалғандығын растайтын құжатта оның қабылданып алынған күні, қабылдап алушының қолы мен тапсырманы орындаған адамның қолы қойылуы керек. Егер қабылдап алушы қабылдап алудан бас тартса, қабылдап алудан бас тартудың себептері де көрсетілуі қажет.

Тапсырманың орындалғанын растайтын құжат тапсырманы орындаған сауал қойылған мекеменің ресми мөрімен куәландырылуы тиіс.

## **10-бап**

### **Құжаттарды дипломатиялық өкілдіктер немесе консулдық мекемелер арқылы тапсыру**

Құзыретті органдардың тапсырмасы бойынша Уағдаласуши Тараптардың бірінің екінші Уағдаласуши Тарапта уәкіл етіп тағайындалған дипломатиялық өкілдіктері немесе консулдық мекемелері өз азаматтарына сот құжаттарын және сотқа қатысы жоқ құжаттарды тапсыруға құқылы. Бірақ бұл әрекеттер еріксіз түрдегі шаралар болмауы керек және өздері келген елдің ұлттық заңына қайшы келмеуі керек.

## **11-бап**

### **Құжаттардың тапсырылғандығын растау**

Құжаттардың тапсырылғандығы құжат тапсырылған адамның қолымен, құжатты тапсырып отырған сауал қойылған мекеменің ресми мөрімен куәландырылған, немесе

осы мекеме берген тапсырылған тәсілі, орны мен уақыты көрсетілген басқа құжатпен расталынады.

## 12-бап

### Куәні, жәбірленушінің және сарапшының шет елге шақыру

Егер бір Уағдаласуши бір Тараптың аумағында алдын ала тергеу немесе соттық қарау кезінде екінші Уағдаласуши Тараптың аумағында тұратын куәнін, жәбірленушінің немесе сарапшының өзі қатысуы қажет болса, онда шақыру қағазын тапсыруға сол Уағдаласуши Тараптың тиісті мекемесіне бару керек.

## 13-бап

### Куәларға, жәбірленушілер мен сарашыларға байланысты кепілдіктер

1. Сауал қоюшы Уағдаласуши Тарап сотының немесе басқа құзыретті мекемелерінің сауал қойылған Уағдаласуши Тарап беріп жіберілген шақыруы бойынша келген куә, жәбірленуші немесе сарапшы, олардың қай Жақтың азаматы екендігіне қарамастан сауал қоюшы мемлекетте әкімшілік немесе қылмыстық жауапқа тартылмайды, немесе мемлекеттік шекарадан өткенге дейін қандай түрде болмасын жасаған құқық бұзушылығы үшін бас бостандығынан айырылмайды.

2. Құқықтық көмек көрсету туралы өтініш негізінде сауал қоюшы Уағдаласуши Тараптың мекемесіне куә, жәбірленуші немесе сарапшы ретінде шақырылған адам егер бас тарту құқығы немесе міндеті сауал қойылған немесе сауал қоюшы Уағдаласуши Тараптардың зандарында көзделген болса, жауап беруден немесе басқа функцияларды орындаудан бас тартуға құқылы. Қажет болған жағдайда сауал қоюшы Уағдаласуши Тараптың мекемесі жоғарыда көрсетілген құқықтар мен міндеттерге қатысты заң туралы анықтаманы өтінішке қоса беруге тиісті.

3. Егер куә, жәбірленуші немесе сарапшы оның мұнда болуының қажеттігі жоқ деген ескерту алғаннан соң 15 күн ішінде, сауал қоюшы Уағдаласуши Тараптың аумағынан дер кезінде кете алмау жайы оған байланысты болмаған жағдайлардан басқа, сауал қоюшы Уағдаласуши Тараптың аумағынан кетпей қалса, осы баптың 1-тармағында берілген кепілдіктерден айырылады.

4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген шақыру осы Келісімнің 4-бабында көзделген тәртіpte беріледі. Шақыруда еріксіз шаралар қолданылу туралы ескерту жазылмауы тиіс.

## 14-бап

### Құқықтық көмек көрсетуге кеткен шығындар

1. Уағдаласуши Тараптар құқықтық көмекті тегін көрсетеді.
2. Сауал қоюшы Уағдаласуши Тараптың шақыруымен келген қуәнің, жәбірленушінің немесе сарапшының жолының, тамақтану және жүріп-тұру шығынын сауал қоюшы Уағдаласуши Тарап көтереді. Шақыру қағазында келген адамдардың қандай төлем алатындықтары көрсетілуі тиіс. Аталған адамдардың өтініші бойынша сауал қоюшы Уағдаласуши Тараптың құзыретті мекемесі оларға күні бұрын тиісті шығындарын төлеуге міндettі.

## 15-бап

### **Құқықтық көмектен бас тарту**

Егер сауал қойылған Уағдаласуши Тарап құқықтық көмек беру өздерінің тәуелсіздігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне немесе өз Жағының ұлттық заңына қарама-қайшы келеді деп есептесе, бас тартудың дәлелді себептерін сауал қоюшы Уағдаласуши Тарапқа хабарлап, құқықтық көмек беруден бас тартады.

## 16-бап

### **Құқықтық көмек көрсету кезінде қолданылатын зандар**

Құқықтық көмек көрсету кезінде сауал қоюшы мекеме өз мемлекетінің зандарын қ о л д а н а д ы .

Сауал қойылған мекеме сауал қоюшы мекеменің өтініші бойынша орындаудың әдісі мен түрлері сауал қойылған Уағдаласуши Тараптың зандарына қайшы келмейтін болса, сауал қоюшы Уағдаласуши Тараптың іс жүргізу нормаларын қолданады.

## 17-бап

### **Зан хабарламасының көлемі**

Уағдаласуши Тараптар өтініш бойынша қолданылып жүрген және қолданылған зандар мен олардың қолданылу практикасы туралы бір-біріне хабарлама беріп отырады

## II - ТАРАУ

### **АЗАМАТТЫҚ ИСТЕР БОЙЫНША ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК**

## 18-бап

### **Құқықтық көмектің көлемі**

Уағдаласуши Тараптар өзара келісім негізінде өтініш бойынша сот құжаттарын және сотқа қатысы жоқ құжаттарды тапсырады, талапты қамтамасыз ету бойынша

шаралар қолданады, процеске қатысушылардан, куәлар мен сарапшылардан жауап алады, сарапшылық жасайды, оқиға болған жерді қарайды, сот шешімдерін мойындайды және орындауды, оның ішінде алимент өндіріп алу үшін, сондай-ақ басқа да іс жүргізу әрекеттерін орындау үшін борышқорды іздеу шараларын қолданады.

## **19-бап**

### **Соттар құзыреті**

1. Мұрагерлік даулардан басқа, азаматтық істер бойынша дауларды жауапкердің тұратын жеріндегі немесе тұрған орнындағы, олардың қай жақтың азаматы екендігіне қарамастан, Ұағдаласуши Тараптардың соттары қарайды, ал занды тұлғаларға талаптар, аумағында занды тұлғаның басқару органы, оның өкілдігі немесе филиалы тұрған Ұағдаласуши Тараптың сотына қойылады.

2. Ұағдаласуши Тараптардың соттары, егер дауды осы соттарға беру туралы Тараптардың жазбаша келісімдері болса, ерекше құзыретті жағдайлардан басқа да жағдайларда істерді қарай алады.

## **20-бап**

### **Сот шығындарын төлеу**

1. Ұағдаласуши Тараптың азаматы Ұағдаласуши басқа Тараптың аумағында сот шығындарын сол елдің азаматтарымен тең жағдайларда және бірдей мөлшерде төлейді.

2. Осы баптың 1-тармағындағы ережелер Ұағдаласуши Тараптың біреуінің аумағында солардың ұлттық заңына сәйкес құрылған занды тұлғаларға да қолданылады .

## **21-бап**

### **Сот шығындарын төлеуден толық немесе жартылай босату**

1. Ұағдаласуши Тараптың біреуінің азаматы Ұағдаласуши екінші Тараптың аумағында сот шығындарын төлеуден толық немесе Ұағдаласуши сол Тараптың азаматтарымен тең жағдайларда және бірдей мөлшерде босатылады.

2. Ұағдаласуши бір Тараптың азаматтары сот шығындарын төлеуден толық немесе жартылай босату туралы өтініш жасағанда тұрған жерінің немесе келген жерінің құзыретті мекемесі берген, өзі туралы отбасылық және мұліктік жағдайларын куәландаған құжаттарын өткізуі тиіс. Егер өтініш жасаушының Ұағдаласуши Тараптың аумағында тұратын жері немесе келген жері болмаса, ол өз мемлекетінің дипломатиялық өкілдіктері немесе консулдық мекемесі берген немесе куәландаған  
кұжаттарын береаді.

3. Сот шығындарын төлеуден түгелдей немесе жартылай босату туралы шешім шығарған сот құжатты берген органға қосымша түсінік беру туралы қояды.

## 22-бап

### Мойындауға және орындалуға жататын шешімдер

1. Уағдаласуши бір Тараптың заңды күшіне енген, мәні жөнінен орындауды талап етпейтін сот шешімдері, сондай-ақ қорғаншылық пен қамқоршылық органдарының, нотариат пен азаматтық хал актілерін тіркеудің шешімдері Уағдаласуши екінші Тараптың аумағында мойындалады, ал мулік жөніндегі істер бойынша осы Шартта белгіленген жағдайларда мойындалады және орындалады.

2. Осы Шарт мәтініндегі қолданылатын "сот шешімдері" деген термин мына мағыналарды білдіреді:

Қазақстан Республикасында - соттың (судьяның) шешімі, анықтамасы, қаулысы, азаматтық және шаруашылық істер бойынша әлемдік келісім, сондай-ақ қылмыстық іс бойынша залалды өтеуге қатысты үкім;

Грузияда - азаматтық істер жөніндегі (соның ішінде шаруашылық ісі) шешімдер, соттарда жасалған әлемдік келісімдер; қылмыстық жолмен келген зиянды төлеуге қатысты үкімдер; әкелік пен алименттік міндеттерді мойыннату туралы құжаттар; орындау қағазы бар құжаттар; сот шешімдерін төлеу туралы шешімдер.

## 23-бап

### Сот шешімін мойындау және орындау туралы құзаухат

1. Сот шешімін мойындау және орындау туралы құзаухатты өтініш иесі осы шешімді шығарған сотқа береді және ол өтінішті сот осы Шарттың 4-бабында көзделген тәртіpte Уағдаласуши екінші Тараптың сотына жібереді. Өтініш иесі құзаухатын Уағдаласуши екінші Тараптың сотына тікелей де бере алады.

2. Сот шешімін мойындау және орындау туралы құзаухатқа қоса мынадай құжаттар болуы көрек:

а) сот куәландырған сот шешімінің көшірмесі; егер көшірмеде шешім күшіне енгендігі және орындалуға болатындығы туралы көрсетілмеген болса, бұл туралы да сот шешімінің заңды күшіне енгендігі туралы сот құжатының бір данасы қоса тіркеледі ;

б) Шешімнің Сауал қоюшы Уағдаласуши Тараптың аумағында орындалған бөлімі туралы сот құжаты ;

в) процеске қатыспаған Тарапқа заңда белгіленген тәртіпті сотқа шақыру туралы хабардың тапсырылғандығын растайтын құжат, ал ол Тараптың әрекет қабылетсіздігі

жағдайында - оның тиісті өкілі болу керектігі туралы;

г) осы бапта аталған құзаухаттың қуәландырылған аудармасы және оған қоса берілген құжаттар.

## **24-бап**

### **Сот шешімдерін мойындау және орындау тәртібі**

1. Сот шешімін мойындау мен орындау тәртібі құзаухат жіберген Уағдаласушы Тараптың соты Уағдаласушы осы Тараптың ұлттық заңы белгілеген тәртіпке сәйкес жүзеге асырады.

2. Құзаухат жіберілген сот шешімнің мәнін талқыламайды, оны тек осы Шарттың талаптарына сәйкестігін қарайды.

3. Құзаухат алған сот мойындау мен орындау туралы құзаухат келіп түсken шешім бойынша қажет болған жағдайда, шешімді шығарған сottan қосымша материалдар беруін талап етеді.

## **25-бап**

### **Мойындаудың және орындаудың занды күші**

Уағдаласушы бір Тарап сотының шешімдерін Уағдаласушы екінші Тарап сотының мойындауы мен орындауы Уағдаласушы осы Тарап сот шешімдерімен күші тең.

## **26-бап**

### **Шешімдерді мойындаудан және орындаудан бас тарту**

1. Сот шешімін, төрелік шешімдерден басқа мойындаудан және орындаудан мұндай жағдайларының бірінде бас тартылуы мүмкін:

1.1. егер шешім шығарылған Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңына сәйкес занды күшіне енбеген болса және орындауға жатпайтын болса;

1.2. егер шешімді мойындау және орындау туралы өтініш жіберілген Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңына сәйкес іс тек қана сауал қойылған Уағдаласушы Тарап сотының құзыретіне жататын болса;

1.3. егер мекемесі шешім қабылдаған Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңына сәйкес процеске қатыспаған Тарапқа сотқа шақыру туралы хабар қағаз тапсырылмаған болса немесе оның әрекет қабілетсіздігі тиісті өкілі болмаған жағдайда;

1.4. егер екі жақтың арасындағы бір мәселе бойынша сауал қойылған Уағдаласушы Тараптың соты занды күшіне енген шешім шығарылған болса немесе ол (шешім) онда қаралып жатқан болса, немесе осы іс бойынша үшінші мемлекеттің шешімі занды күшіне енген деп танылса .

2. Төрелік шешімді мойындаудан мынадай жағдайларда бас тартылады, егер:

- 2.1. шешім орындалуға тиісті Уағдаласуышы Тараптың заңы бойынша мұндай іс төрелік тексеруге жатпайтын болса;
- 2.2. төрелік шешім Шартта көзделмеген немесе төрелік келісімнің немесе төрелік түсініктің Шартына үйлеспейтін дау бойынша шығарылған болса;
- 2.3. төрелік сottың құрамы екі жақтың келісіміне немесе Шарттағы түсінікке сәйкес келмесе немесе төрелік болған жердегі мемлекеттің заңына сәйкес келмейтін болса;
- 2.4. екі жақ төрешінің немесе төрелік тексерудің белгіленгендердің туралы тиісінше хабарланған болса.

### **ШАСЫРУАЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ИСТЕР БОЙЫНША ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК**

#### **27-бап**

##### **Құқықтық көмектің көлемі**

Осы Шарттың ережелеріне сәйкес Уағдаласуышы Тараптардың бір-біріне көрсететін құқықтық көмегіне мыналар енеді:

- адамдарды іздеу және ұқастыру;
- қылмыстық аңдуды қозғау;

- күдіктілерден, айыпкерлерден, сottалушылардан, куәлардан, жәбірленушілерден, сарапшылардан жауп алу;

- қарау, тінту және дәлелдер жинауға байланысты басқа іс жүргізу әрекеттері;
- айғақтық заттарды, қылмыстық жолмен табылған құжаттарды, бағалы заттарды бере;

- қылмыстық іс бойынша өндіріске байланысты іс жүргізу құжаттарын тапсыру, сондай-ақ сот процесінің нәтижелері туралы хабарлама беру.

#### **28-бап**

##### **Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету кезіндегі байланысу тәртібі**

Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету кезінде Уағдаласуышы Тараптардың құзыретті органдары осы Шарттың 4-бабында аталған мекемелер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті және Грузияның Ішкі істер министрлігі арқылы байланысады.

## **29-бап**

### **Қылмыстық андуды қозғаудың міндеттері**

1. Уағдаласуши әр Тарап Уағдаласуши бір Тараптың өтініші бойынша Уағдаласуши екінші Тараптың аумағында қылмыс жасады деп күмән тудырған өз азаматтарына қарсы өз заңына сәйкес қылмыстық анду ісін қозгайды.

2. Уағдаласуши бір Тараптың заңына сәйкес оның құзыретті мекемелеріне жәбірленушінің қылмыстық анду туралы тиісті мерзімде берген өтініш Уағдаласуши екінші Тараптың аумағында да қолданылады.

## **30-бап**

### **Қылмыстық істер бойынша көмек көрсету кезінде істің қай тергеу орнында жүргізілетіндігін анықтау**

Уағдаласуши Тараптардың аумактарында адам (адамдар) бірнеше қылмыс жасаған жағдайда оны алдын ала тексеру қылмыстың ауыр түрі немесе көпшілігі жасалған жақтың тексеру органы аяқтайды.

Адам (адамдар) өзі азаматы болып табылатын Уағдаласуши Тараптың аумағында бір рет болса да қылмыс жасаған жағдайда және соның аумағында ұсталған жағдайда істің аяқталуын Уағдаласуши Тараптың құзыретті мекемесі қарайды.

Басқа жағдайларда істің қай тергеу орнында жүргізілетіндігін Уағдаласуши Тараптардың зандарға сәйкес анықтайды.

## **31-бап**

### **Сауал қойылған жақтың аумағында қамауда отырған адамды күә немесе жәбірленуші ретінде іске қатысу үшін ұстап беру**

1. Сауал қойылған Уағдаласуши Тараптың аумағында қамауда отырған, сауал қоюға Уағдаласуши Тараптың сотына немесе басқа құзыретті мекемесіне күә немесе жәбірленуші ретінде шығарылған адам бұл жаққа мұндай шарттарды сақтаған жағдайда уақытша беріледі:

а) мұндай ұстап беруі сәйкес шақыру қағазы бар адам;

б) сауал қоюшы Уағдаласуши Тарап оның аумағында бұл адамның бұдан әрі болу негізі жойылысымен, сауал қойылған Тарап белгіленген мерзімінен кешіктірмей, оны шүғыл түрде кері қайтаруы тиіс. Бұл мерзімді сауал қойылған Уағдаласуши Тарап дәлелді себептері болған жағдайда ұзартады;

в) ұстап берілген адам сауал қоюшы Уағдаласуши Тараптың аумағында қашып кетуді болдырмайтын жағдайларда ұсталуы керек.

2. Ұстап берілгендігі үшін адамның сауал қоюшы Уағдаласушы Тараптың аумағында қамауда отыру мерзімі ұзартылмайды.

### **32-бап**

#### **Құжаттарды тапсыру және кейбір іс жүргізу әрекеттерін орындау**

1. Құжаттарды тапсыру мен қылмыстық істер бойынша дәлелдер жинауға байланысты кейбір іс жүргізу әрекеттерін орындау осы Шарттың 6-10-баптарымен б е л г і л е н е д і .

2. Жоғарыда көрсетілген тапсырмаларды жіберген кезде қылмыстық жасалу жағдайы, оның анықталынуы және тиісті заң актілерінің ережелері көрсетілуі керек.

### **33-бап**

#### **Ақша және қылмыстық жолмен табылған материалдық бағалы заттарды беру**

1. Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тараптың талабы негізінде осы Уағдаласушы Тарапқа басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында қылмыстық жолмен табылған ақша мен басқа да бағалы заттарды беруге тиіс, бірақ бұл Уағдаласушы Тараптың немесе үшінші бір тұлғаның бұл бағалы заттарға құқығына қысым ж а с а л м а у ы т и і с .

2. Егер жоғарыда көрсетілген ақша мен басқа да бағалы заттар сауал қойылған Уағдаласушы Тараптың аумағында басқа да ашылмаған қылмыстық істер бойынша сот ісін қарауды өткізу үшін қажет болатын болса, осы Уағдаласушы Тарап оларды беруді уақытша тоқтата тұрады.

### **34-бап**

#### **Қылмыстық істер бойынша құқықтық, көмек көрсетуден бас тарту**

Егер істелуге тиісті шарада көрсетілген әрекет сауал қойылған Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңы бойынша қылмыс деп есептелмейтін болса, сауал қойылған Уағдаласушы Тарап, осы Шарттың 14-бабында көзделген негіздерден басқа жағдайларда, қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсетуден бас тартады.

### **35-бап**

#### **Қылмыстық істер бойынша іс қозғалғандығы және сот ісін қараудың нәтижелері туралы хабарлау**

Уағдаласуши Тараптар екінші Уағдаласуши Тараптың азаматына қатысты қылмыстық іс қозғалғандығы туралы және қажет болған жағдайда екінші Уағдаласуши Тараптың азаматына қатысты олардың соттары шығарған үкім туралы бір-біріне мәлімет беріп отыруға міндетті.

### **36-бап**

#### **Бұрынырақта жасалған қылмыстар туралы хабарлама**

Уағдаласуши Тараптар бұрын екінші Уағдаласуши Тараптың соты соттаған адамға қатысты қылмыстық істерді қарау үшін оның сотталғандығы туралы өздеріне қажетті мәліметтерді өтініш бойынша бір-біріне тегін береді.

### **37-бап**

#### **Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету кезінде**

#### **Уағдаласуши Тарап өкілдерінің қатысуы**

Уағдаласуши Тараптардың бірінің өкілдері бір Уағдаласуши Тарап қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы құзахатты орындаған кезде екінші Уағдаласуши Тараптың келісімімен қатыса алады.

## **IV - ТАРАУ**

### **БАСҚА ЕРЕЖЕЛЕР**

### **38-бап**

#### **Құжаттардың жарамдылығы**

1. Бір Уағдаласуши бір Тараптың соты немесе басқа да құзыретті мекемесі құрастырган немесе куәландырған құжаттары осы Уағдаласуши осы Тараптың тиісті құзыретті мекемесінің ресми мөрі болғанда жарамды болады. Екінші Уағдаласуши Тараптың соты не басқа құзыретті мекемелері оларды осындай түрде ресмилендірусіз қа б ы л д а й а л а д ы .

2. Бір Уағдаласуши Тараптың аумағында ресми құжат деп қаралатын құжаттар, екінші Уағдаласуши Тараптың аумағында ресми құжаттардың күшін сақтайды.

### **39-бап**

#### **Азаматтық хал және басқа құжаттар туралы**

#### **құжаттарды жіберу**

Осы Шартты орындау мақсатымен бір Уағдаласуши Тараптың құзыретті мекемелері дипломатиялық каналдар бойынша алынған өтініштер бойынша екінші

Уағдаласуши Тарапқа келесі Тараптың азаматтарының жеке құқығы мен мүліктік мұдделеріне қатысты азаматтық хал актілерін тіркеу туралы, білімі туралы, еңбек стажы туралы және басқа құжаттар тегін жіберіледі.

#### **40-бап**

#### **Даулардың шешілуі**

Уағдаласуши Тараптар осы Шартты түсіну немесе орындау мәселесі бойынша пайда болған дауларды осы Шарттың 4-бабында көрсетілген тиісті орталық органдар арасындағы кеңестің қатысуымен немесе дипломатиялық каналдар бойынша шешеді.

#### **41-бап**

#### **Ведомстволық байланыстарды анықтау**

Уағдаласуши Тараптардың осы Шартта аталған орталық заң мекемелері осы Шарт негізінде және оны дамытуда өз құзыретінің көлемінде ведомстволық келісімдер жасау жолымен өзара тікелей байланыс жасай алады.

### **V - ТАРАУ ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **42-бап**

#### **Шарттың күшіне енуі**

Осы Шарт бекітуге жатады және бекіту грамоталарымен алмасқаннан кейін күшіне енеді.

#### **43-бап**

#### **Шартты өзгерту және толықтыру**

Уағдаласуши Тараптар осы Шарттың мәтініне өзгертулер мен толықтырулар енгізу мәселесі жөнінде дипломатиялық каналдар бойынша кеңес өткізеді және заң процедураларын өздерінің ұлттық заңына сәйкес орындауға міндettі.

#### **44-бап**

#### **Қолданылудың тоқтатылуы**

Бұл Шарт мерзімсіз және оның қолданылуы Уағдаласуши Тараптардың кез келген біреуінің дипломатиялық каналдары бойынша Шарттың қолданылуы тоқтатылғандығы туралы жазбаша хабар жіберілгеннен алты ай өткен соң тоқтатылады.

1996 жылы 17 қыркүйекте Тбилиси қаласында екі данада, әрқайсысы қазақ, грузин және орыс тілдерінде жасалды және барлық мәтіннің күші бірдей.

Осы Шартты түсіну бойынша келіспеушілік болған жағдайларда орыс тіліндегі мәтін негізге алынады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰШІН

ГРУЗИЯ

**Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы Азаматтық  
және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы  
1996 жылғы 17 қыркүйектегі шартқа  
ХАТТАМА**

Бұдан әрі Уағдаласуши Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Грузия  
,

құқықтық қатынастар саласында ынтымақтастықты жүзеге асыру мақсатында,  
егемендікті құрметтеу және өзара түсінушілік негізінде,  
1996 жылғы 17 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы  
Азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шартқа  
мынадай өзгеріс енгізуге уағдаласты:

1. 28 - бап алнып тасталын.

2. Осы хаттама Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады, Уағдаласуши  
Тараптардың бекітуіне жатады және бекіту грамоталарымен алмасқаннан кейін күшіне  
енеді.

2005 жылы 31 наурызда Астана қаласында қазақ, грузин және орыс тілдерінде  
әрқайсысы екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰШІН

ГРУЗИЯ